



Пән: Азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамаларының қолдану теориясы.

Тақырып: Шарттық міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік.

Дайындаған: Сайлау Ибраһим МЮ-111

Тексерген: Каженов Ауезнур Бейсенович

# *Негізгі сұрақтар:*

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік.

Шарттық тәртіпті сақтау Адвокатураның ұйымдастырылуының принциптері

Міндеттемелерді бұзғаны үшін материалдық жауапкершілік.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік.

- Азаматтық-құқықтық жауаптылық – бұл шартпен немесе заңмен көзделген өзіне жүктелген міндеттемелерді бұзған борышкерге қолданылатын мүліктік өндіріп алу. ҚР АҚ 349-бабына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) – тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.



Міндеттемені бұзғандығы үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша жүргізіледі.

Жауаптылықтың нысаны мен мөлшері..

Шығындарды өтеу

Айып төлеу

Борышқордың жеке-дара анықталған затын алу

- Міндеттемені бұзған борышқор несие берушіге келтірілген залалдардың орнын толтыруға міндетті. Залалдардың ұғымы ҚР АҚ 9-бабының 4-тармағында берілген. 1) **Нақты нұқсан** – құқығы бұзылған адам жасаған немесе жасауға тиісті шығыстар, оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы; 2) **Айырылып қалған пайда** – сол адамның құқығы бұзылмаған болса, дағдылы айналым жағдайында оның алуына болатын, бірақ алынбай қалған табыстары залалдар деп түсініледі.



- 
- Міндеттеменің бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырудан борышқорды босату жөніндегі тараптардың міндеттеме бұзылғанға дейін қабылдаған келісімі жарамсыз болады, алайда тараптар өзара келісім бойынша мүліктегі нақты келтірілген зиянды ғана өндіріп алуды көздеуі мүмкін. Егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, залалды анықтаған кезде, міндеттеме орындалуға тиісті жерде, борышқор несие берушінің талабын өз ықтиярымен қанағаттандырған күні, ал егер талап ерікті түрде қанағаттандырылмаса, талап арыз берілген күні қолданылған баға назарға алынады. Мән-жайды негізге ала отырып, сот шешім шығарған күні не нақты төлем төленген күні қолданылған бағаны назарға ала келіп, залалдың орнын толтыру туралы талапты қанағаттандыра алады. Айырылып қалған пайданың мөлшерін анықтаған кезде оны алу үшін несие беруші алдын ала қолданған шаралар және осы мақсатта жасалған дайындықтар ескеріледі. Егер мұның өзі міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен жалтару мақсатымен жасалғанын дәлелдесе, несие беруші борышқордың, сондай-ақ оның мүлік иесінің кез келген іс-әрекетін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

ҚР АҚ 351-бабында айып төлеудің шығындарға қатынасына қарай оның төрт түрі белгіленеді:

есепке жатқызу айып төлеуі – айып төлеуде және шығында өндіріледі, бірақ соңғысы айып төлеумен жабылмаған бөлігінде өндіріледі

айыппұлдық айып төлеу – толықтай көлемде бір мезетте шығындар мен айып төлеуді өндіріп алады

балама айып төлеу – несие берушінің таңдауы бойынша не айып төлеу не шығындар өндіріліп алынады

айрықша айып төлеу – тек айып төлеу ғана өндіріліп алынады. Соңғы үшеуі заңнамада немесе шартта қарастырылуы мүмкін.




# Шарттық тәртіпті сақтау

- Келісім шарт – ол азаматтық құқықтың негізгі институттарының бірі. Азаматтық құқықта келісім шарттың мәміле ретіндегі және құқықтық қатынас ретіндегі ұғымдары беріледі. Келісім шарт мәміле ретінде – ол азаматтық құқықтар мен міндеттерді тағайындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған, екі немесе одан да көп тұлғалардың келісімі. Шарт - мәміле түрі болғандықтан оған екі және көп тарапты мәмілелер жөніндегі барлық ережелер қолданылады



- Әр келісім шартта көптеген ережелер болуы мүмкін, олардың ішінде шарттың елеулі ережелерін айқындап алу қажет. Шарттың елеулі ережелері – ол тараптармен келісілмесе шарт жасалды деп саналмайтын ережелер, яғни, ол ережелер жөнінде тараптар келісімге келе алмаған жағдайда шарт жасалмады дегенге әкелдіретін жағдайлар (ҚР АҚ 393-б.). Заң келесі төрт жағдайды елеулі ережелерге жатқызады: - шарттың мәні (заты) жөніндегі ережелер; - заңда елеулі деп танылған ережелер; - шарттардың осы түрлері үшін қажетті ережелер; - бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті ережелер.

- Міндеттемелерді бұзғаны үшін материалдық жауапкершілік.



- Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық – азаматтық-құқықтық жауаптылықтың бір түрі болып танылады және құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген, қосымша азаматтық-құқықтық жауаптылық немесе оны мүліктік құқығынан айыру түрінде, қосымша мүліктік жауаптылық ауыртпалығын салу арқылы жүзеге асырылады. Міндеттемені бұзу дегеніміз – ол міндеттемені мүлдем орындамау немесе тиісінше, тиісті дәрежеде орындамау, яғни, мерзімінде орындамау, қызметтер мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау (349-бап). Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышкер бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті. Міндеттемені бұзғандық үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша ғана жүргізіледі, сондықтан кредитор белсенді тарап болып танылады

# Пайдаланған әдебиеттер.

- 1.ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ЕРЕКШЕ БӨЛІМ ОҚУ ҚҰРАЛЫ ИДРЫШЕВА САРА ҚИМАДИҚЫЗЫ Астана, 2015
- 2ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІҚазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ.
- 3.Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім)Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі.
- 4ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ оқу құралы Е.Б.Ахметов